

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.11.19. N 1753

2. Орталық атқарушы органдар мен ведомстволар 1999 жылдың 22 ақпанынан бастап бюджеттік қаражатты олардың басшыларының ұялы телефондар мен Үкіметтік байланысты пайдаланғаны үшін ақы төлеуге жұмсауды тоқтатсын.

3. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер бағдарламалардың әкімшіліктері Қазақстан Республикасының Үкіметіне қызметтік үйлер мен үй-жайларға жүргізілген күрделі жөндеудің 1999 жылдың 1 ақпанындағы жай-күйі туралы ақпарат ұсынсын.

4. Мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ресми делегациялар залдары мен "VIP" залдарын пайдаланғаны үшін шығыстарды өтеуіне тиым салынсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен, бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Президентінің аталған өкімінің 4-тармағын орындау жөнінде ұсыныс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті, республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органдары, сондай-ақ оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын органдар үстіміздегі жылдың 1 наурызына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

мемлекеттік органдардың Астана қаласына орналасуының нәтижесінде босаған қызметтік үйлер мен үй-жайлар туралы, сондай-ақ бұрын басшы қызметтер атқарған мемлекеттік қызметшілердің қызметтік пайдалануында болған мемлекеттік саяжайлар мен коттеждер туралы:

1) аталған алаңдардың кімнің қарауында екендігін;

2) оларды кім және қандай шарттармен пайдаланатындығын көрсете отырып а қ п а р а т ;

республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің үлестік қатысы бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің әкімшілік шығыстарын қысқарту ж ө н і н д е ұ с ы н ы с е н г і з с і н .

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі министрліктермен бірлесіп, белгіленген тәртіппен, бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қарауына бұрын шығарылған нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы Президентінің

аталған өкіміне сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ұялы байланысты пайдалануының тәртібі туралы 1998 жылғы 10 тамыздағы N 757

Р 9 8 0 7 5 7 _

қаулысының күші жойылды деп
танылсын.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Икебаева А.